

Е.Т.Ақбаев, А.А.Абаев, В.З.Тағаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
(E-mail: erbolsyn.2011@mail.ru)*

## **Қазақстан Республикасында жанама салықтар жүйесінің қалыптасуы және дамуы**

Мақалада нарықты экономика жағдайындағы салықтар жүйесінің рөлі мен маңызы қарастырылған. Жанама салықтардың мәні ашылып көрсетілген. Жанама салықтар жүйесін зерттеуде ілімдік көзқарастар талданған. Жанама салықтардың маңызды бөлігі болып табылатын қосымша құн салығына ерекше көңіл бөлінген. Қосымша құн салығының мөлшерлемелерінің өзгеру кезеңдері көрсетілген.

*Кілт сөздер:* салық, салықтар жүйесі, жанама салықтар, қосымша құн салығы, мөлшерлеме, өзгеру, кезеңдер.

Экономикалық мазмұн тұрғысынан салық дегеніміз — тұрғын, кәсіпорын (фирма) мен ұйымдардан заңға негізделіп алынатын міндетті төлем жүйесі. Салық мәселесі мен салық салудың тамыры ғасырларға тереңдеп кеткен. Мемлекет салықтарды экономиканы дамыту, тұрақтандыру барысында қуатты экономикалық тетік ретінде пайдаланады. Салықтар — мемлекет егемендігінің бір көрінісі. Салық — нарықтық қатынастардың бір бөлігі, оның қызмет етуі елдегі экономикалық реформалардың нәтижелілігімен тығыз байланысты.

Салық салудың негізгі мақсаты — мемлекет қазынасын толтыру, еліміздің экономикасын дамыту, әлеуметтік жағдайды жақсарту және кәсіпорын, тұрғындар қаржыларын қоғамдық қажеттілікке тарту.

Біздің Елбасымыздың және еліміздің алға қойған мақсаты — дамыған отыз елдердің қатарына қосылу. Ал мұндай мақсатқа қол жеткізудің басты алғышарттарының бірі — мемлекеттік бюджетті қалыптастыруда салықтардың тиімділігін арттыру.

Салықтар құқықтық жағдайы мен қолданылу шарттары жағынан алуан түрлі болып келеді. Жанама салық салудың мәні салықтың тауар бағасына (қызмет тарифіне) қосылатындығында. Бұл жағдайда салықты тауардың (қызметтің) нақты тұтынушысы төлейді, алайда тұтынушы мен мемлекет арасында тікелей байланыс болмайды.

Жанама салықтар — бағаға не тарифке үстеме түрінде белгіленген салық төлеушінің кірістері мен мүлкіне тікелей байланысты емес салықтар. Жанама салықтарға қосылған құнға салынатын салық, акциздер жатады. Жанама салықтарға сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметтен түсетін түсімдер де (кеден баждары түріндегі, ішкі рынокта сатылатын тауарлар бағасы мен олардың фактуралық құнының айырмасы) жатады. Жанама салықтар мемлекеттің фискалдық мүдделерін білдіреді. Бұл салықтардың ең соңғы төлеушісі болып тауарды тұтынушы табылады [1].

Жанама салық салудың мәні салықтың тауар бағасына (қызмет тарифіне) қосылатындығында. Бұл жағдайда салықты тауардың (қызметтің) нақты тұтынушысы төлейді, алайда тұтынушы мен мемлекет арасында тікелей байланыс болмайды. Жанама салықтар салық салу объектісіне қарай төмендегіше бөлінеді:

1. Жеке жанама салықтар — қатаң түрде белгіленген бір тауар топтарына салынады.
2. Әмбебап жанама салықтар — негізінен барлық тауарлар мен қызметтерге салынады.
3. Фискалды-монополиялық жанама салықтар — мемлекеттік құрылымдарда сатылатын өндірістің барлық тауарларына салынады.

Кедендік баж — экспортты-импортты операциялар жасау кезінде тауарлар мен қызметтерге салынады.

Салықты алатын және оған билік жасайтын органға қарай салықтар жалпымемлекеттік және жергілікті болып бөлінеді.

Жалпы мемлекеттік салықтар — барлық элементтері мемлекеттің заңдарымен анықталатын және сол елді жалпыға бірдей біртұтас қолданылатын салықтар. Бұл салықтарды бекітіп, жүзеге асыратын ел Парламенті. Бұл салықтар ір деңгейдегі бюджеттерге бөлініп отырады.

Жергілікті салықтар — мемлекеттің заңдарына сәйкес жергілікті өкімет органдары жүзеге асыратын салықтар. Олар жергілікті деңгейде қабылданған шешім негізінде ғана жүзеге асырылады. Бұл салықтар толығымен жергілікті бюджетке түсіп отырады.

Пайдалану тәртібіне қарай барлық салықтар жалпы және арнаулы болып бөлінеді. Жалпы салықтар тиісті деңгейлердің бюджеттерінде шоғырландырылады және жалпымемлекеттік қажеттіліктерді қаржыландыруға пайдаланылады. Арнаулы салықтардың нысаналы мақсаты болады (мысалы, зейнетақы төлемдерін қалыптастыру үшін пайдаланылатын әлеуметтік салық).

Нысанның экономикалық белгілері бойынша табысқа және тұтынуға салынатын салықтар болып бөлінеді. Табысқа салынатын салықтар төлеушінің салық салынатын кез келген нысаннан алған табыстарынан алынады. Тұтынуға салынатын салықтар — бұл тауарлар мен қызметтер көрсетуі тұтыну кезінде төленетін шығынға салынатын салықтар.

Нарықты экономиканы дамыту үшін мемлекет тарапынан салыққа аса мән беріледі. Салықтар мемлекеттің қаржы көздерін жақсартудың ең негізгі құралы болуымен қатар, ел экономикасын қайта құруға, өндірістің ұлғайып, дамуына және саяси-әлеуметтік шаралардың толығымен іске асуына мүмкіндік туғызады. Салықтар — кез келген өркениетті мемлекеттердің негізгі кіріс көзі. Салықтар, жалпы экономикалық мазмұнына қарай, тікелей және жанама болып бөлінеді. Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген барлық салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдердің ішінде жанама салықтардың алатын орны ерекше. Әлемнің қандай мемлекеті болмасын, барлығында жанама немесе тұтынуға салынатын салықтар кең қолданылады.

Жанама салықтар — бұл салық төлеушінің табысына немесе мүлкіне тікелей байланысты емес, тауардың бағасына және қызметтің тарифіне қосылатын салықтар. Жанама салықтардың ең соңғы төлеушісі болып тауарды тұтынушы табылады.

Салықтардың тікелей және жанама болып бөлінуі XVII ғасырдың соңында Д. Локкпен салықтардың басқаға аудару критерийін негізге ала отырып, енгізілген болатын. Нәтижесінде тек жерге салынатын салық тікелей деп танылды да, қалғандары — жанама болды (себебі оларды төлеу, ақыр соңында, жер иеленушілерге аударылатын).

Дж. Миль болса критерийге құқықтық тұрғыдан қарады. Оның құқықтық (мемлекет) көзқарасы тұрғысынан тікелей салықтар — бұл салық төлеушіге тікелей жүктелетін, ал жанама салықтар — бұл салық төлеушімен басқаға жүктеле алатын салықтар. Бұл критерийді А. Вагнер де ұстанды.

XIX ғасырда тікелей салықтардың басым бөлігі басқа тұлғаға аударыла алуы, жанама салықтардың толығымен тиісті тәртіпте пайдаланылмауы оларға деген көзқарасты өзгертті. Енді критерийге салық салу мен алу тәртібі ескерілді. Тікелей салықтар тұрақты сипаттағы құбылыстарға негізделгендіктен (мүлікті басқару немесе пайдалану), олар салық төлеушілермен жасалған тізімге сәйкес бөлек және белгілі бір белгіленген мерзімде төленді, жанама салықтар болса өзгермелі құбылыстардан, бөлек іс-әрекеттерден, факторлардан (белгіленген тарифтер негізінде салынатын тұтыну, келісім-шарт, қызмет көрсету актілері) бастау алады.

Жанама салықтардың келесі ерекшеліктерден тұрады:

- жанама салықтар салық салынатын өндіріс кезеңдеріне қарамастан, ақырғы тұтынушыға бағытталады;
- мемлекеттің фискалдық функциясын атқарады. Мәселен, белгілі бір тауардан үлкен көлемде қосымша кіріс алу мақсатында тауарлардың белгілі бір топтарына (арақ және темекі өнімдеріне) акциз салығын қолданады;
- тұтыным есебінен жиналған ақша қаражаттары нақты белгіленген мақсаттарға — мемлекеттің түрлі бағдарламаларын қаржыландыруға жұмсалады.

Ел экономикасын көтеру мен мемлекеттік бюджеттің кірісін молайтуда сүбелі үлесті жанама салықтар қосатындығы белгілі. Оны олардың бюджеттің салықтық кірістерінің жартысына жуық бөлігін құрауынан байқауға болады. Осыны біле білген Еуропалық одақ жанама салықтарды оған мүшелікке кірудің басты шартына айналдырып отыр.

Себебі:

- оларды төлеу мүмкін емес;
- олармен болатын экономикалық қылмыстар аз;
- еңбекке деген құлшынысқа аз көлемде әсер етеді;
- тапшылық жоқ кезде, яғни тауар алмастыратын басқа да тауарлар болған кезде, тұтынушының тауар таңдау құқықтарын қалыптастырады;
- салықтардың көрінбеуі және басқалары.

Қазақстанда жанама салықтардың келесі түрлері қолданылады:

- қосылған құнға салынатын салық;
- акциз;
- кедендік баж салығы.

Қазақстанда жанама салықтардың ішінде бюджеттің негізгі кіріс көзі болып табылатын салық болып қосылған құн салығы табылады. 2012 жылы бұл салық жалпы мемлекеттік бюджет кірісінің 22,4 % құрады [2].

Шет мемлекеттер тәжірибесі көрсеткендей, салық реформасын жүргізудің бір ұшы салық жүйесіне қосылған құнға салынатын салықты (ҚҚС) енгізудің қажеттілігін саралап, тиімді жолын табу болып табылады.

1991 жылдың 24 желтоқсанында «Қосылған құнға салынатын салық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, республиканың салық жүйесіне қосылған құнға салынатын салықты енгізді. Бүгінгі күні бұл салық Салық кодексімен реттеледі және ол жанама салықтар қатарына жатады.

КСРО кезеңі мен одан кейінгі экономикалық кезеңде де ұзақ уақыт бойына айналым салығы қолданылып келді. 30-жылдардың басында енгізілген бұл салық бюджеттің ауқымды да тұрақты кіріс көзі болып, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етті нарықтық экономикаға көшуімізге орай өнеркәсіп өзі тұрған жері бойынша айналым салығын төлеуге көшуіне байланысты бұл тұрақты қаржы көзінен айрылды. Мұны республикамызда аяқ киім, темекі, кондитер, тоң май кәсіпорындары бойынша келіп түсетін түсімдердің кемігендігімен түсіндіруге болады. Әйтсе де өнеркәсіп тауарларының бағасы қолдан кемітілді. Айналым салығы арзан азық-түлік өнімдеріне берілетін дотация түрінде жабылды, ол, әрине, қайта бөлу тиімділігін бере алмады.

Қазақстан Республикасы нарыққа өту кезеңінде аса ауыр қаржы жағдайында қалды, өйткені экономикалық тұрғыдан құрылымдық қайта құру ұзақ уақытты, елеулі қосымша қаржы ресурстарын талап етті, ал бұлар бізде жоқ еді.

Айналым салығы тауарлардың көтерме және бөлшек сауда бағасы арасындағы айырманы білдіреді. Бұл, әрине бағаның жоспарлы белгіленуі кезінде тиімді болып табылады. Салық мөлшерлемелері бюджеттің қажеттілігіне қарай белгіленіп, өзгертіледі. Алайда орталықтандырылған жоспарлау жағдайында бұл өндіріс қызметіне әсері аз еді, өйткені салық салу шарты бойынша маңызы төмен өнеркәсіп салаларын мемлекет қаржыландырды. Себебі баға босатылып жіберілген кезде айналымнан алынатын салық бағалар айырмасы болғандықтан, мүлде жоғалып кетті.

1991 жылдың қаңтарынан бастап республиканың салық жүйесіне сатудан алынатын салық енгізілді. Бұл салық бойынша халық тұтынатын тауарларды, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді өткізуден, ақылы жұмыстар мен қызметтерді атқарудан 5 пайыз мөлшерінде алынды.

Айналым салығы тауардың бағасына енгізілгенімен, сатудан алынатын салық тауарды сатушының бағасынан тыс алына отырып, сол салықтың қайталануына әкеліп соқтырды. Егер мұның біріншісі қатаң орталықтандырылған салық салу тәртібін бейнелесе, екіншісі шексіз жеңілдіктер құқықтарын ұсынды [3,4].

Бұл мемлекеттер арасында сатудан алынатын салық бойынша тауардан түскен соманың орнын толтырудың елеулі қиындықтарын туғызады. Республикада қалыптасқан проблемаларды шешу жолының бірі — айналым салығын, сатудан алынатын салықты қосылған құн салығына ауыстыру. Сонымен, Қазақстанда ҚҚС енгізу сән қуудан емес, объективті қажеттіліктен туындады. Сондай-ақ жанама салық салу жүйесі мемлекеттің қазынашылық мүдделерін білдіруі мүмкін еді. Алайда оларды парасатты қолдану, баға белгілеу мен тұтыну құрылымына кері ықпал етуге әкеледі.

Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, салық төлеушілер үшін олардың кірісіне салынатын тікелей салықтың өсуінен гөрі шығындарға салынатын жанама салықтың өсуі анағұрлым маңыздырақ.

ҚҚС-ғы салық ауыртпалығын бөлуді жүзеге асырудың көрнекті мысалы болады: бұл жерде салық субъектісі мен оның таратушысы бір-біріне сәйкес келмейді. ҚҚС-ғын төлеуші салық ауыртпалығын өз тауарларының не «алдағы сатып алушыларына (салық көлеміне сәйкес бұл тауарлардың бағасын арттыра отырып), не бұрынғы өзі тауарлар сатып алған адамдарға (оларға тауарлары үшін ақыны кем төлеп отырып) салуға ұмтылады [5].

ҚҚС салық жүйесіне енгізу кезінде мемлекет өз алдында келесідей мақсаттарды қойды:

- бюджеттің табыс бөлігін бірқалыпты қамтамасыз ету мақсатымен байланысты салық салу базасын кеңейту;

- салық түсімдерін инфляциялық құнсызданудан қорғау;
- тұрақсыз экономика жағдайында бюджеттің бірқалыпты табыс көзін құрастыру;
- шығынды төлем қабілетін төмендету және осының арқасында екі сұрақты шешу: тауар тапшылығын жою және инфляцияның қарқынын төмендету.

Жанама салықтардың құрамында ең маңызды болып қосылған құн салығы саналады. Жалпы жанама салық дегеніміз – бұл салық салу объектісі салық салу ауырпашылығын өзге тұлғаға, яғни оның нақты төлеушісі болып табылатын тұлғаға, жүктеген кезінде көрінетін салық. Мұндай салықтар, салық төлеушінің табысымен анықталатын тікелей салыққа қарағанда, баға немесе тарифке қосылу арқылы анықталады.

Салықтардың 2 түрге бөлінуінің өзіндік мәні бар. Салықтарды тікелей және жанама салықтарға бөлудің критерийі болып соңғы салық төлеушіні бекіту есептеледі. Егер соңғы салық төлеуші болып салық салынатын жеке табыс иесі немесе салық салынатын табыс болса, бұл тікелей салық болып саналады. Ал жанама салықтардың төлеушісі тауарға (қызметке) қосылым арқылы түсетін тауарды тұтынушы саналады.

Жанама салықтар — бұл тұтынуға салынатын салықтар болып есептеледі және оларды төлеу тауарды, жұмысты немесе қызметті шекті тұтынушыға жүктеумен түсіндіріледі. Осыған байланысты олардың әділетсіздігі және әлеуметке қарсы бағытталуы туралы ой қалыптасады. Жанама салықтардың тікелей салықтармен салыстырғанда кемшіліктері мен артықшылықтары бар. Тікелей салықтарға қарағанда олар бюджеттің тұрақтандырушылығының бірі болып табылады. Дағдарыс жағдайында пайда мен басқа табыстар көлемі ЖІӨ көлеміне қарағанда көбірек төмендесе, тікелей салықтардың келіп түсулері де соғұрлым қысқарады. Ал жанама салықтарға келетін болсақ, тауарлар мен қызметтерге қатысты келісімдер көлемі өте аз төмендейді, оның нәтижесінде мемлекеттік бюджетке қосылған құн салығынан, акцизден түсетін түсімдер ЖІӨ көлеміне қарағанда азырақ төмендейді. Сондай-ақ жанама салықтар инфляцияның мемлекеттік бюджетке кері әсерін төмендетеді. Көптеген экономистердің ойынша, жанама салықтар өтпелі экономикасы бар елдердің экономикалық тірегі қызметін атқарады.

Жанама салықтар мемлекеттің фискалдық қызығушылықтарын көрсетеді. Оларды дұрыс қолданса, бағаның қалыптасуы мен тұтыну құрылымына оңтайлы әсер береді. Бұдан басқа салық төлеушілерге олардың кірістеріне салық салуының тікелей өсуінен гөрі шығындарына салық салудың өсуі ыңғайлы. Тұтыну салықтарын, яғни акциздер, қосылған құн салығы, сатылымнан салықтарды қолдану мынадай артықшылықтарға ие:

- олардан жалтару қиын;
- экономикалық бұзушылықтардың олармен қатысы аз;
- еңбек қызығушылығын төмендету әсері аз;
- тауар алмастырушыларды қоса алғанда тапшылықтың болмаған кезінде, олар тұтынушыға таңдау құқығын қалдырады;
- оларда құпия сипат болады.

Қосылған құнға салық салуы — жанама салықтың маңызды формасы. Қосылған құн салығы — белгілі қосылған құнның мемлекеттік бюджетке аударылатын бөлігі, бюджетті қалыптастырудың маңызды көзі болып табылады. Белгілі бір кәсіпорын, бір жағынан, сатылған өнімдерден қосылған құн салығын алушы болса, екінші жағынан, жабдықтаушылардан өндіріс құралдарын сатып алушы ретінде қосылған құн салығын төлеуші болып табылады. Қосылған құн салығын төлеушілер Салық кодексінде белгіленеді. Мемлекеттік бюджетке төленетін қосылған құн салығының көлемі өндірушінің сатқан тауары үшін есептелген салық пен жабдықтаушыларға шикізат пен материалдар, отын мен энергия т.б. өнімдер төленген ҚҚС-ның айырмасы негізінде есептеледі, яғни салық төлеушілер ҚҚС-ын тауарларды өндіруге (жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге) жұмсалған материалдық шығынды ескере отырып, есептейді [6].

Мемлекеттердің қосылған құн салығына көшуі макроэкономикалық тұрғыдағы ортақ нарық форма кезінде іске асырылады. Көшу үдерісінің өзі мыналарды қажет етеді:

- салық жүйесінің есебінің тиімділігі;
- жанама салық жүйесінің түбегейлі талдауы;
- шетел мемлекеттерінен жұмыс істеу өтімі бар кәсіби мамандарды дайындау;
- жаңа жүйеге көшу мерзімін анықтау;
- әр сату операцияларына счет-фактура толтыру міндеттілігі;

- ақпараттар мен құжаттарды өңдеуді автоматтандыру;
- қосылған құн салығын есептеуді банк функциясына тіркеу;
- кеден есебін компьютеризациялау.

Қосылған құн салығының төмендегідей артықшылықтары бар:

- біріншіден, ол жаңа құн жасалынған орын бойынша салық төлеушілердің үлкен тобынан алынады;
- екіншіден, төлеушілер үшін де есептеудің салыстырмалы қарапайымдылығымен ерекшеленеді;
- үшіншіден, бағалардың өзгеруіне, төлеушінің қаржылық ахуалына, инфляция деңгейіне қарамастан, мемлекет бюджетінің кірістерін қалыптастырудың сенімді және тұрақты базасын қамтамасыз етеді.

Барлық жанама салықтар тәрізді қосылған құн салығы ерекше фискалдық рөлін орындайды, оны қолдынысқа енгізу барысында мемлекеттік бюджетке сенімді және тиімді кіріс көздерін қалыптастыру көзделді. Ол бюджет құралдарының инфляциялық құнсыздануының алдын алудың тиімді құралы болып табылады, себебі салықтық түсімдерді бағаның жоғарылауымен байланыстырады.

Қорытындылай келе, қосылған құн салығы — жанама салық түрі, қосылған құнның мемлекеттік бюджетке аударылатын бөлігі, бюджеттің маңызды көздерінің бірі.

Кәсіпорын, бір жағынан, сатылған өнімдерден қосымша құн салығын алушы болса, екінші жағынан, жабдықтаушылардан өндіріс құралдарын сатып алушы ретінде қосылған құн салығын төлеуші болып табылады. Қосылған құн салығын төлеушілер салық кодексінде белгіленеді. Мемлекеттік бюджетке төленетін қосылған құн салығының көлемі өндірушінің сатқан тауары үшін есептелген салық пен жабдықтаушыларға шикізат, материалдар, отын мен энергия, тағы басқа өнімдер үшін төленген қосылған құн салығының айырмасы негізінде есептеледі, яғни салық төлеушілер қосылған құн салығын тауарларды өндіруге (жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге), жұмсалған материалдық шығынды шегере отырып, есептейді.

Қосылған құн салығының дамуының себептері мынада: мемлекеттің тұтынуға салынатын салықтан табысты ұлғайтуды көздеуі; тауарлар мен қызметтерді өндіретін өндірушілердің шығындарына емес, шекті тұтынушылардың шығындарына салық салудың қажеттілігі; елде қызмет ететін ҚҚС жүйесінің бар болуының қажетті шарты БЭҚ-қа кіру. Қосылған құн салығы мемлекеттік бюджеттің үлесті бөлігін құрайды деп есептейміз.

Қосылған құн салығы дегеніміз — тауарды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндіру және олардың айналысы процесінде қосылған, оларды өткізу бойынша салық салынатын айналым құнының бір бөлігін бюджетке аудару, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы тауарлар импорты кезіндегі аударым.

Салық заңнамасының тарихына көз жүгіртетін болсақ, соңғы жылдарда қосылған құн салығы мөлшерінің сегіз рет азаю жағына өзгергенін көруге болады, оны төмендегі кестеден байқауымызға болады [7].

К е с т е 1

**Қосылған құн салығының мөлшерлемелерінің өзгерісі**

Кезең	ҚҚС мөлшерлемелері, %	Негізі
1	2	3
01.01.1992 ж. – 01.01.1993 ж.	28	ҚР 24.12.1991 ж. «ҚҚС туралы» Заңы.
01.01.1993 ж. – 01.07.1995 ж.	20	ҚР 24.12.1991 ж. «ҚҚС туралы» Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген)
01.07.1995 ж – 01.07.2001 ж.	20 салынатын айналым мөлшерінен	24.04.1995 ж. № 2235 ҚР Президентінің «Салықтар және басқа да бюджетке міндетті төлемдер туралы» Жарғысы
01.07.2001 ж – 01.01.2004 ж.	16	24.04.1995 ж. № 2235 ҚР Президентінің «Салықтар және басқа да бюджетке міндетті төлемдер туралы» Жарғысы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген)
01.01.2004 ж. – 01.01.2006 ж.	15	ҚР 12.06.2001 ж. № 209-ІІ «Салықтар және басқа да бюджетке міндетті төлемдер туралы» Кодексі
01.01.2006 ж.-01.01.2007 ж.	14	«Салықтар және бюджетке төленетін міндетті басқа да

1	2	3
		салықтар туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) (22.05.2007 ж. өзгерістер мен қосымшаларға сәйкес)
01.01.2008 ж.-01.01.2009 ж.	13	«Салықтар және бюджетке төленетін міндетті басқа да салықтар туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) 01.01.2008 ж.
01.01.2009 жылдан бастап	12	«Салықтар және бюджетке төленетін міндетті басқа да салықтар туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) 01.01.2009 ж.

Қазақстанда ҚҚС енгізудің себебі ретінде Еуропа одағына кірудің ең бірінші талабы болып, ол ҚҚС салық жүйесінде қолданылуы болды. Ал келесі себеп ол нарық экономикасына өтуіне байланысты әмбебап салық қажет болды, ал ҚҚС дәл сол салық болып табылды.

Біздің ойымызша, ҚҚС артықшылықтары келесілер:

- ҚҚС өнім бағасына енгізілмейді, керісінше, баға үстінен қойылады және сатып алушымен төленеді, бұл өндірістің шығыны мен рентабельдігіне әсерін жояды;
- салық салу объектісі ретінде бірдей мөлшерлеме бойынша өндірістің барлық фазаларындағы бүкіл өнім болады, яғни бөлшек сауда және көтерме сауда бағаларының айырмашылығы бойынша емес, бұл өз кезегінде салықтың соңғы өнімде жиналмауынан көмектеседі, салық салу үрдісінде қайталап есептеуді доғарады;
- реттелген жүйе кезінде салық органдары мен салық төлеушілерінің көзқарасы бойынша, салық өндіріп алу процедурасы өте оңай. ҚҚС есеп айырысуы белгілі бір дәрежеде өзін-өзі бақылайтын үрдіс болып табылады, себебі әр келесі сатып алушы, оның жеткізушілері олармен төленген салықтың мөлшерін фактура-шоттарда дұрыс тіркелуінде мүдделі;
- ҚҚС мемлекет табысын үлкейтудің тиімді құралы болып табылады. Салықтардың кең базасы ҚҚС мөлшерлемесін сәл көтерудің арқасында бюджет түсімдерін едәуір кеңейтуіне мүмкіндік береді;
- ҚҚС экономикалық әс-әрекетінің барлық салалары мен түрлеріне, олардың күрделі қаржы сыйымдылығына, кәсіпорынның мөлшеріне және тағы басқаға қарамастан, салық салудың бірдей нақты деңгейін қамтамасыз етеді;
- көптеген елдерде экспортты ынталандыру үшін фирмалар экспорткерлерге, экспорт өнімінің бағасына кіретін, айналым салығының бір бөлігін қайтаратын тәртібі бар. ҚҚС берілген фирманың экспорт өніміне кеткен нақты шығындарды есептей отырып, осы соманы дұрыс анықтауға мүмкіндік береді. Импорт кезінде ҚҚС протекционистік саясаттың құралы ретінде кеңінен қолданылады. Осыдан ҚҚС сыртқы экономикалық байланыстарды реттейтін тәсіл ретінде қолдана алады;
- әр түрлі елдерге бірдей салық саясатын өткізуге көмектесетіндей, ҚҚС интеграциялық функциялар атқарады. Бұл ұлттық экономикалардың жақындасуына әкеледі, оны ЕЭО елдер тәжірибесімен қуатталады, ал олар үшін ҚҚС өзіндік қаражаттың негізгі қайнар көзі болып табылады.

ҚҚС-ның жағымсыз әсерін азайту әрекеті салық жүйесінің қалыптасуының бірінші сатысының барысында жасалған, ал ол ҚҚС қолданылуын жеңілдетті.

Айналымнан және сатудан алынатын салықтардың орнына енгізілген ҚҚС іс жүзінде салық жүйесінің аса маңызды да елеулі өзгерісі болды. Әуел баста салық өндіріс қызметін реттеу үшін қолайлы жағдайлар жасайды, бюджет қаржыларының құнсыздануын болдырмау құралына айналды, өйткені бюджетке салық сомасының түсуін бағаның өсуімен тікелей байланыстырады деп ұйғарылды.

Іс жүзінде бұл салықтың реттеушілік қызметі өндірістің ұлғаюы мен тұтынудың үнемі өсуі жағдайында ғана көрініс алатындығын көрсетті. Өндірістің құлдырауы мен экономиканың дағдарыс құбылыстары өршіген жағдайларда ол өзіндік құнның ұлғаюына тікелей ықпал ететін факторлардың біріне айналады. Бұл салықты енгізу кезінде қосылған құнды, базасын есептеудің нақты әдістемесі жасалған жоқ еді. Бұған қоса салықты алу механизмі жасалмады.

Сонымен, ҚҚС жүйесі сұраныстың төлем қабілеті жиынтығына ықпал етеді, ол кейінгі тұжырымға сай нарық шаруашылығы дамуының негізгі қозғаушы күші болып табылады. Осыдан шығатын қорытынды, ҚҚС жүйесінің көмегімен қоғам мүдделі болып отырған өндірістер мен салаларға капитал мен жұмысшы күшін жедел аударуды қамтамасыз етіп, нарық құрылымын қоғам үшін қажетті бағытқа қарай қайта құруымыз керек.

ҚҚС жүйесі территориялық қаржыларды нығайтуға жәрдемдеседі, тауар қозғалысының әрбір сатысында территориялардың қосылған құнды құруға өз үлесін қосуын белгілеуге мүмкіндік туғызады.

Осы арада ҚҚС жүйесінің көмегімен ұлттық шаруашылықтың жақындасуы қамтамасыз етіліп, бірыңғай салық саясатының жүргізілуі бұл салықтың пайдалылығын тағы да бір дәлелдейді.

Мемлекет ҚҚС-ын тауарлар мен қызметтердің әрбір сатысында салып, салық түсімдерінің тұрақтылығы мен үнемі түсуін қамтамасыз етудің анағұрлым тиімді және сенімді құралын ала алады. Кең салық салу базасы салық мөлшерлерін елеусіз көтерудің есебінен бюджетке түсімдердің елеулі түрде көбеюіне мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Крамаренко Т.Н., Қамбарова А.М. Салық және салық салу. — Астана, 2009.
- 2 2011–2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 29 қарашадағы № 357-IV Заңы.
- 3 Үмбеталиев А.Д., Керімбек Ф.Е. Салық және салық салу. — Алматы: Экономика, 2009.
- 4 Құлтыбаев С., Ынтықбаева С.Ж., Мельников В.Д. Қаржы: Оқулық. — Алматы: Экономика, 2010.
- 5 Қазақстан Республикасының Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі). 1 кант.
- 6 Қазақстан Республикасының Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) (2012.01.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
- 7 Ермакбаева Б.Ж. Салықтар және салық салу. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2003. — 256 б.

Е.Т.Ақбаев, А.А.Абаев, В.З.Тағаева

### **Формирование и развитие системы косвенных налогов в Республике Казахстан**

В статье рассмотрены роль и значение налоговой системы в условиях рыночной экономики. Раскрыта сущность косвенных налогов. Проанализированы исследования по системе косвенных налогов. Авторами уделяется особое внимание налогу на добавленную стоимость как важной составной части косвенных налогов. Показаны этапы изменения размера косвенных налогов в Республике Казахстан.

Ye.T.Akbayev, A.A.Abayev, V.Z.Tagayeva

### **The formation and development of the system of indirect taxes in the Republic of Kazakhstan**

The article discussed the role and importance of the tax system in a market economy. It's essence of indirect taxes. The analyzed the theoretical views in the study of the system of indirect taxes. It pays special attention to the value added tax as an important part of indirect taxes. It shows the steps resizing of indirect taxes in the Republic of Kazakhstan.

## References

- 1 Kramarenko T.N., Kambarova A.M. *Tax and taxation*, Astana, 2009.
- 2 *About the Republican budget of 2011–2013 Republic of Kazakhstan November 29, 2011*, of Law № 357-IV.
- 3 Umbetaliyev A.D., Kerimbek G.Ye. *Tax and taxation*, Almaty: Ekonomika, 2009.
- 4 Kulpybaev S., Yntykbayeva S.Zh., Mel'nikov V.D. *Finance: Textbook*, Almaty: Ekonomika, 2010.
- 5 *The rule and the duty to pay the tax budget of Republic of Kazakhstan (Tax Code) (01.01.2011)*.
- 6 *The rule and the duty to pay the tax budget of Republic of Kazakhstan (Tax Code) (01.01.2011 changes and additions)*.
- 7 Yermekbayeva B.Zh. *Tax and taxation*, Almaty: Kazakh University Publ., 2003, 256 p.

УДК 338. 23: 336

В.С.Артақшинова

*Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова  
(E-mail: venera\_seitzhan@mail.ru)*

### **Структура и процесс функционирования системы управления финансовыми ресурсами на предприятии**

В статье раскрываются характерные черты и содержание современного менеджмента. Рассматривается сущность финансового менеджмента как системы управления. Отмечается, что финансовый менеджмент включает в себя стратегию и тактику управления. Подчеркивается, что центральным вопросом в финансовом менеджменте является управление потоком финансовых ресурсов. Делается вывод о том, что любая финансовая деятельность предприятия немыслима без формирования и использования финансовых ресурсов. Особое внимание уделяется составу источников финансовых ресурсов и направлениям их использования.

*Ключевые слова:* менеджмент, характерные черты, финансовый менеджмент, финансовые ресурсы, финансовые отношения, объект, субъект, поток, источники.

#### *Характерные черты и содержание современного менеджмента*

Характерные черты менеджмента отражают отличительные особенности управления предприятием, которые являются принципиальными при рассмотрении и описании его содержания [1–3].

Во-первых, менеджмент представляет собой особый вид деятельности, присущий рыночной экономике. При этом под менеджментом следует понимать профессиональное управление, существенными элементами которого, определяющими его особенности, являются всесторонний анализ и учет конкретных условий функционирования предприятия в процессе управления (принятия управленческих решений), разработка, реализация и управление нововведениями, формулирование стратегии и тактики развития предприятия и т.д.

Во-вторых, менеджмент основывается на экономических методах управления, которые, в свою очередь, ориентированы на получение экономической выгоды (прибыли) или социального эффекта.

В-третьих, управление предприятием направлено на достижение эффективной организации труда при его функционировании, постоянное повышение производительности труда и качества продукции, которые являются главными элементами формирования конкурентных преимуществ предприятия, определяющими его позицию и успех на конкретном рынке.

В-четвертых, менеджмент — это система гибкого управления, позволяющая предприятию своевременно перестраивать свою деятельность, чутко реагировать на конъюнктуру рынка, а также на изменение условий конкурентной борьбы и социальные факторы развития (страны, региона, отрасли и самого предприятия). Центральным звеном организации гибкого управления предприятием явля-